

«ҚАРАҒАНДЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«БЕКТЕМІН»

Басқарма мүшесі Стратегиялық
даму жөніндегі проректор

Г.Сивякова

« 05 » қаңтар 2022 жылдың



"Мистер ҚАРИУ "

УНИВЕРСИТЕТТІК БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Теміртау

**«Мистер ҚИУ»
УНИВЕРСИТЕТТІК БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ
Жалпы ережелер**

Байқауды ұйымдастырушы: тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі департаменті, жастар ісі жөніндегі комитет.

Байқау мақсаты: жастар бастамаларын қолдау, студенттік дәстүрлерді сақтау және жетілдіру.

Байқаудың міндеттері:

- студенттер үшін бос уақыт нысандар спектрін кеңейту;
- студенттердің өзін-өзі жеке тұлға ретінде дамытуға мүмкіндік жасау;
- студенттердің адамгершілік-эстетикалық құндылықтарының деңгейін арттыру.

Байқауға қатысушылар: күндізгі оқу бөлімінің барлық курс студенттері.

Байқау өткізу мерзімі: ағымдағы жылдың наурыз айының екінші онкүндігінде нақты күні мен уақыты университеттің әлеуметтік желілерінде (ҚарИУ жаңа ғимаратының акт залы) жарияланады.

Байқауды өткізу тәртібі

1-кезең: өтінімдерді жинау – ағымдағы жылдың ақпан айының үшінші онкүндігіне дейін (қоса берілген нысан бойынша)

2 кезең: дайындық

- ағымдағы жылдың ақпан айының үшінші онкүндігі, нақты күні мен уақыты қосымша хабарланады - барлық қатысушылардың ұйымдастыру жиналысы (205-N кабинет);
- ағымдағы жылдың наурыз айының бірінші онкүндігінде нақты күні мен уақыты қосымша хабарланады – жалпы репетиция (жаңа ғимараттың акт залы);

3 кезең: финалдық.

3 конкурстық тапсырмаларды қамтиды:

- **таныстыру** – 3 минут (*қатысушы презентация немесе бейнеролик көмегімен "жанды" дыбыстық сүйемелдеуін қолдана өзін таныстыру қажет*);

- **шығармашылық байқау**, ұзақтығы – 4 минут (*қолдау тобына рұқсат етіледі, бірақ байқаудың негізгі бөлігін қатысушы орындауға тиіс*);

- **Спорттық қабілетін көрсету**, ұзақтығы - 4 минут .

Конкурстық тапсырмаларды орындау уақытынан асып кеткен жағдайда, Байқаудың Қазылар алқасы байқауға қатысушылардан ұпайларын алып тастауға құқығы бар.

Дайындықтарға кешіккен немесе қатыспаған қатысушыларға айыппұл санкциялары қолданылады, байқаудан шығаруға дейін.

Қазылар алқасы

Байқаудың Қазылар алқасы ұйымдастыру комитетімен ЖОО-ның әкімшілігінің өкілдерінен, профессорлық-оқытушылар құрамынан, іс-шаралар серіктестерінен құрылады.

Қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздарын анықтау кезінде келесі критерийлерді ескереді:

- *Сөздің мазмұнын, сөйлеу мәдениеті мен шешендік шеберлігін;*
- *Сахна мәдениетін, бірегейлігі және даралық орындауын;*
- *Шығармашылық қабілеттерін, көркемдік мәнерлілігін, эмоционалды көңіл-күйін;*

Әрбір байқаулық тапсырмалар қазылар алқасымен 5 - ұпайлық жүйе бойынша бағаланады.

Қатысушылар жинаған жалпы ұпай саны Байқаудың қорытынды ведомосына енгізіледі.

Ең көп ұпай жинаған байқауға қатысушы жеңеді.

Қазылар алқасының шешімі шағымдануға жатпайды.

Марапаттау

Бас-жүлде иеленген байқау қатысушысына «Мистер ҚИУ» атағы беріледі, 1 орын иеленген қатысушы «ҚИУ Сұлтаны» атағын алады, ал қалған қатысушылар әр-түрлі номинациялары бойынша марапатталады және сыйлықтар алады.

Марапаттау үшін қосымша номинациялар енгізуге Қазылар алқасы мен байқау серіктестері құқылы.

Өтінім нысаны.

1. Т.А.Ә. (толық) _____
2. Туған күні: _____
3. Факультеті, тобы: _____
4. Қызығушылығы, хобби: _____
5. Жетістіктері: _____
6. Шығармашылық байқау жанры (ән немесе би) _____
7. Байланыс телефоны: _____
8. Топ кураторының Т.А.Ә. және телефоны: _____